

Торғай даласындағы Ұлт-азаттық көтерілістің алғашқы орталығы - Ұлы Жыланшық

1916 жылғы Торғай даласындағы Ұлт-азаттық көтерілістің алғашқы ошағы Дулығалы өзені бойындағы Құлмұхамбет Арыстанбайұлы Ишан мешіті. Бердікей Ишан мешіті деп те аталады. Қайдауыл болысы орталығы Рахмет ауылы. Ұлт-азаттық көтеріліс басшысы Әмір Әбдіғапар Рахмет болыс ауылынан 45 шақырым, Кейкі батыр туған жер 20 шақырым, Аманкелді батыр тұрған жер 90 шақырым, Әліби Жангелдин туған жер 120 шақырым, бәрі бір аумақта.


Аманкелді батырдың «Аллалап» атқа қонып, Ұлы Жыланшық, Ұлытау, Торғай халқын Ұлт-азаттық көтеріліске шақырып, Бердікей Ишандар әулетінен бата алған жері өзі туған Балық қарасуынан 13 шақырым жерде. Әрі батыр Ишандар әулетіне туған жиен. Ана-



сы Қалампыр Ишандар әулетінің қызы. Осы жерде әруаққа арнап, аймүйізді қошқарды құрбандыққа шалып, 10 мың азамат азаттық үшін атқа қонып, Торғай өңіріндегі Жалдама өзені бойында 13 болыс елден жиналған халық құрылтай өткізіп, бүкіл Торғай уезінің басшысы болып Әбдіғалпар Жанбосынұлын хан, бас сардар етіп Аманкелді Үдербайұлын сайлайды. Торғай өзені бойындағы Сарбас қажы мешіті көтерілісшілердің әскери штабы болды. Көтерілісшілер осы Үрпектен аттанды. Аманкелді Имановтың туғанына 150 жыл толуына орай жер-жерде шаралар өтуде. Мамыр айының басында Астанада ғылыми практикалық конференция өтті. Осы шара Арқалық қаласында да атқарылды.

8-9 маусымда Ұлытау облысында Республикалық айтыс өтті. 4 тамызда Дулығалы мешітінде әруақтарға және Ұлт – азаттық көтерілістің 150 жылдығына орай Бердікей Ишан әулеттері мен Маймасар Өмірзақ және Аманкелді ұрпақтары Құлсейіт қажының басшылығымен екі жылқы сойылып, құран бағышталды. Осы шараға әр аймақтан 300-ден аса адам қатынасып, Құлмұханбет Ишан кесенесіне барып, әулиелерге құран бағыштап, ескерткіш құлпытастар қойылды. Келесі 5 тамызда Дулығалы өзенінің бойындағы атақты бақсы, қобызшы, әулие, емші Қойлыбай рухына арналған республика деңгейіндегі үл-

кен шара өтті. Шараны ұйымдастырған Қазақстанның әр аймағынан келген әруақты құрметтеп - қадірлейтін ағайын елуден аса кигіз үй тігіп, жеті жылқы құрбандыққа шалып, әулиенің жанына қобызының ескерткішін қойды. Әруаққа арнап құран бағышталып, театрландырылған қойылым ұсынылды. Концерттік бағдарламалар өтті. Қол күрес, садақ ату, арқан тарту, қазақша күрес түрлерінен жарыстар өтіп, аса бір салиқалы шара болды. Осы шараға қатынасып, әруаққа арнап құрбандық шалып, кигіз үй тігіп, елге оралған Ұлы Жыланшық аймағында туып өскен ел азаматтары игі бастаманы қолға алғалы отыр. Ұлы Жыланшық аймағынан Ұлт-азаттық көтерілісіне қатынасқан сарбаздардың ата жұрты, салған үйлері жерленген қорымдарының күні бүгінге дейін сақталғандары бар. Әрі сол жерде Әмір Әбдіғалпардың әкесі Жанбосынның мешітінің қабырғасы тұр. Әбдіғалпарды Әліби Жангелдиннің тапсырмасымен «Зәуре» қопасы жағасында Аманкелдінің ағасы Бектепберген атып кеткен жерде ескерткіш бар. Кейкі батырдың туған жері Байтумада Кейкіге арналған ескерткіш тақта бар. Жол үстінде Аманкелді батырды екінші рет жерлеген Бегімбет алакөлінде ескерткіш қойылған. Аудан мен Рахмет ауылы ортасында Аманкелдінің ағасы Көшімбектің бүрмелі қызыл тамы тұр.



Рахмет ауылынан 5 шақырым жерде Кейкі батырды қызылдар азаптап өлтірген. Осы жерге Құлан Әбу Қарақожин темір шартақ пен құлыптас қойды. Кейкі қаза болған Жалаулы өзенінің Жыланшыққа құяр саласы Жәкенде үлкен қорым бар. Осы жерде атамекенге 60 – жылдары аман оралған Ұлт – азаттық көтерілістің сарбаз-

дары жатыр. Бүгінгі ұрпақ солардың немере-шөберелері. «Қайдауыл», кейін Ұлы Жыланшық болысы болған 1963 жылы Родник кеңшары, кейін Жыланшық және Әліби Жанкелдин кеңшары болған Рахмет ауылында да үлкен қорым бар. Онда Рахмет болыс әулетімен жатыр. Ол жерге де азаттық сарбаздары мәңгілікке тұрақта-

ды. Әлжан деген жерде де Азаттықтың мыңбасылары жерленген. Аманкелді батырдың 150 жылдық мерекесі қарсаңында ел азаматтары бір ізгілікті шараны қолға алмақ. Осы аталған жерлерге барып, ата-бабаларына құран бағыштап, бабалар басқан топырақты басып, олар ішкен суды ішіп, олар жұтқан ауаны жұтып, бабалар иіскеген көк жусанның жұпар иісін бойына сіңіріп, Ұлт Ұясы Түркі әлемінің астанасы Ұлытаудан басталатын Ұлы Жыланшықтың дертке дауа, жанға шипа Сағ алтындай таза ауасын жұтып, бабалар алдындағы перзенттік, азаматтық, адамгершілік бір парызын өтеп қайтпақшы. Сол үшін ауданнан 110 шақырым елсіздегі бұрынғы Кеңшар орнына тағзым үйін тұрғызып, арнап барғандарға, кездейсоқ жолаушыға жағдай жасап қойған ел азамат-азаматшаларына аса ризамын. Менің де әкем, ағаларым, ата-бабам осы мекенге мәңгіге тұрақтады. Мен үшін Ұлы Жыланшық киелі аймақ. «Киелі жер иесіз болмас» деген. Келешекте қара орман халық қоныстанып, ол өңір өсіп өркендейтініне бек сенімдімін.

Ұлы жаратушы Аманкелді батыр бастаған сарбаздарға иман, оның бүгінгі ұрпақтарына береке бірлік, халқымызға салиқалы бейбіт өмір берсе екен деп тілеймін. Тілеген тілектеріңіз, оқыған дұғаларыңыз қабыл болсын.

Шөптібай БАЙДІЛДИН